



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
(тізім бойынша)

2024 жылғы 20 наурыздағы
№ ДС-128 депутаттық сауалға

Құрметті депутаттар!

Жамбыл облысындағы «Қаралма» тау-шаңғысы кешенінің (бұдан әрі – Кешен) құрылысын аяқтауға қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймын.

«Қаралма» туристік тау-шаңғысы кешенінің жұмысын жандандыру үшін жобаның аяқталуына ықпал ету және инвесторға жағдай жасау жолдарын қарастыруға қатысты

«Бизнестің жол картасы-2025» бағдарламасы аясында кәсіпкерлікті қолдау мақсатында сумен жабдықтау және су бұру объектілерінің құрылысы жүргізіліп, мемлекет тарапынан инвесторға қолдау көрсетілді.

Кешеннің құрылысын аяқтау мақсатында әкімдік пен министрлік тарапынан инвесторларды тарту бойынша жұмыстар жүргізіліп, бүгінгі күні әлеуетті инвесторлар жобаны жүзеге асыруға қызығушылық танытқан жоқ.

Шешімді мемлекеттік-жекешелік серіктестік шеңберінде қарастырып, болмаған жағдайда инвестордан мемлекетке сатып алу мәселесіне қатысты

Жоба қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес жекешелік-әріптестік объектісі болып табылатындықтан, мемлекеттің инвестордан осы Кешенді сатып алуы орынсыз.

Осыған байланысты, мүдделі мемлекеттік органдар қолданыстағы заңнамаға сәйкес қосымша жеке қаражат тарту бағытында жұмыстарды жалғастырады.

Жалпы аталған жоба әкімдік пен министрліктің тұрақты бақылауында және инвесторларды тарту жұмыстары одан әрі жүргізілетін болады.

Р. Скляр

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының
тізімі**

1. Е. Саурықов
2. М.Ескендіров
3. Г. Нұрымова
4. Ж. Дайрабаев
5. А. Баққожаев
6. Қ. Әбден
7. Н. Арсютин
8. А. Зейнуллин
9. Т. Серіков
10. Е. Сатыбалдин
11. А.Сағандықова